

Психологтың ПДК «Ақ қоян» тобына арналған 2022-2023 оқу жылына қорытынды есебі.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Ақ қоян» психикалық дамуы кешеуілдеген тобына 5 бала – Аман Жантөре, Бауыржанұлы Мансур, Жұмабек Әлихан, Лез Ералы, Ізмағамбет Мұхаммед, яғни әртүрлі психологиялық медициналық диагнозы бар балалар қабылданды. Қазан айында Буданов Ибрахим, желтоқсан айында Арманқызы Даяна, 2023 жылы ақпан айында Темірбек Мұхаммад, сәуір айында Айбекұлы Али ПМПК қорытындысы бойынша қосылды.

Жаңадан келген балаларға бейімделу картасы толтырылып, күнделікті көңіл-күйлері, асқа деген тәбеті, ұйқысы, айналасындағы адамдармен байланысы, ұйымдастырылған оқу қызметіне қатынасы бақыланып отырылды.

Балалардың бейімделу кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсетіліп, жаңадан келген балалармен танысып топ тізімі дайындалды. Бұл топқа келген балалар жеңіл және орташа деңгейде бейімделуден өтті.

Балалардың ауызша сөйлеу тілдері зерттеліп, диагноздары бойынша логопедтік кабинетке тіркеліп, сабақ кестесі құрылды. Балалардың психологиялық дамуы және танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтайтын психологиялық диагностика жүргізілді. Диагностика қорытындысы бойынша балалардың танымдық қабілеттері төменгі деңгейді көрсетті.

Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын кеңейту, танымдық процестерін дамыту мақсатында түзету-дамыту жұмыстары логопед маманымен бірлесе отыра жүргізілді. «Суреттерде қандай заттар жасырынған?», «Кім, нені жақсы көреді?», «Белгілерді орналастыр», «Суретті салыстыр», «Суреттерді есіңе сақта», «Сөзді есіңе сақта» әдістемелері, ұсақ қол моторикасын дамыту тапсырмалары, нейрожаттығулар, релаксация, құм, су терапиялары, саусақ жаттығулары топтық және жеке жұмыста қолданылып отырылды. Ата-аналарға үй жағдайында балаларды дамыту жұмыстарына кеңестер берілді.

Ата-аналардың әлеуметтік жағдайын анықтау және баласы туралы мәлімет жинау мақсатында тәрбиешілермен бірлесе отыра сауалнамалар жүргізілді. Ата-ананың баламен, ата-ананың тәрбиешімен қатынасы және топ балаларының серуен кезінде бір-бірімен араласуы бақылауға алынды. «Бала тілі неге кеш шығады?», «Балалар сөйлеуін түзету процесіндегі ата-аналардың рөлі», «Ұсақ моториканың маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңестер берілді. М.Монтессори элементтерін пайдаланып балалардың моторикасын дамыту жаттығулары жүргізіліп отырылды.

Мамыр айында қалалық семинарға «Мен және сіздер» атты сергіту тренингін өткіздім. Мақсаты: Педагогтардың көңіл-күйін көтеріп, бойларын сергіту.

ПМПК қорытындысы бойынша Аман Жантөре, Бауыржанұлы Мансур, Жұмабек Әлихан, Лез Ералы, Ізмағамбет Мұхаммед ПДК диагнозы алынып, жалпы мектепке, яғни МАД тобына ауыстырылды.

Қалған балалар әрі қарай коррекциялық (түзете-дамыту) жұмыстарын қажет етеді. Келесі оқу жылында бұданда жақсы көрсеткішке жетеміз деген сеніміміз мол.



